

ТАҒДЫРЫН ТАРТТЫ АЛҒА СЫН

Зекеңдей асыл құрбымыздың дүниеден озғанына да міне 18 жыл болыпты-ау. Тағдыр шіркін қоя ма, алды-артына қаратпай алып кетті. Құлын-тайдай тебісіп бірге өскен құрдас едік. Ол бүкіл жан-дүниесімен ақын болатын. Әзілімен күлдіріп, көркем сөзімен бәрімізге ой тастап отыратын. Бір жылы туған төл едік, бір класта оқыған құрбы құрдас едік.

Зейнолла Игілікұлы 1987 жылдың қаңтарында 50 жасқа толған мерей тойын өткізгенде талайсыз тағдыр арамьздан алып кетеді деп ойлаппыз ба.



Біз қимас дос, сырлас бауырдай болған жандар едік. Ел ағасы атанған Көшкеннен- Көшкінбай Әбілдин ағадан дәріс алған да Зекең екеуміз болатынбыз. Зейнолла сол кездің өзінде-ақ парасыттылығымен, адамгершілігімен, еңбекқорлығымен өзгелерден ерекшеленіп тұратын. Қыздай сызылған биязылығымен кластастарының жүрегінен орын алған Зейнолла бізге данадай көрінетін, Сонау 1955 жылдың төл қозыдай түлектері болатынбыз. Мектеп бітіргенімізге 10,20,30 жыл толғанын бүкіл класс болып атап өтуімізге де мұрындық болған Зекең. Қырық жылдығымызды атағанда арамьзда Зекеңнің, тағы басқа да азаматтардың болмауы талайымыздың қабырғамьзға қатты батқан. Кластастары жиналып кұран оқыттық. Жандарың жанатта болсын деп тіледік.

Кезінде Зекеңнен өткен ақын да, домбырашы да жоқ еді. тіпті, орыстардың секіртпе кештерінің өзі Зекеңсіз өтпеуші еді. Ел-жұртының құрметіне бөленген асыл азамат Зейнолла Игілікұлы халқы үшін қызмет еткен ардақтыларымыздың бірі болғаны біздер үшін де мақтаныш. Біз Зекеңді мақтан етеміз. тәуелсіз еліміздің гүлденуіне қайраткерлік іс -әрекетімен үлес қосқан Зейнолла менің кластасым!